

2. Galskova N. D. Modern educational model in foreign languages.
3. Jumanova Lyailya Seitkazyevna. Problems of Implementation of Multilingual Education in the Republic of Kazakhstan.

## ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

**Абдурахит А.Е.**

*(ғылыми жетекші – аға оқытушы Сарбалакова Г.Б.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қазақстан, қарағанды қ.)*

**Андатпа:** Бұл мақалада ХХІ ғасырдағы білім беруді дамытудың жаһандық стратегиясында білім бір жағынан адам бойына басқа мәдениеттерге деген құрмет сезімін ояту болса, екінші жағынан, адамның өз қабілетін сезініп, сол арқылы дүниедегі орнын анықтай алуына ықпал ете алуы тиіс мәселелер қарастырылған.

**Кілт сөздер:** жаһандық даму, тілдік білім, заман талабы, рухани даму, үштұғырлылық, инновациялар, қажеттілік.

Әркез тіл саясаты – назар аударарлық мәселелердің бірі. Оның тіл мәселесіне айналу себептерінің бірі қазақ тілінің қазіргі жағдайы болса, тағы бірі үштұғырлы тіл саясаты болып табылады. Қазақстандағы тіл саясаты әрқашан елдегі әртүрлі тілдердің және оларда сөйлейтіндердің алуан түрлілігін және бейбіт қатар өмір сүруін сақтауға бағытталған. Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, соларды бір-бірінен даралап, ерекшелеп тұратын бойтұмарытуған тілі. Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жанашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. Қазақстанда үш тілде білім беру-заман талабы. Оны жүзеге асыру идеясы білім мен дағдыларды кеңейтуге, сондай-ақ тілдерді білмей қол жеткізуге болмайтын адамдар арасындағы өзара түсіністікті дамытуға байланысты. Жоба алғаш рет 2006 жылы талқыланып, өткен жылдың соңына дейін «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға жол картасына» сәйкес жүзеге асырылды. Қазақстан үшін тілдердің үштұғырлығы жобасы ерекше өзекті болып табылады. Сонау 2009 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында бұрынғы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев тілдердің үштұғырлығы – елдің және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің жолы екенін, сондықтан да Елбасының идеясы өзекті екенін атап өткен болатын. Жаңа үштілді білім әлі де қазақстандықтардың әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылуда. Бұл реформа «Қазақстан-2030» бағдарламасына да енгізілген болатын. Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды

жеделдету тиістігіне ерекше мән берген болатын және оны кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қолға алуды ұсынған болатын. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударды. «Үштұғырлылық» жобасы аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдайлар жасалуда. Сонымен бірге осы ретте халықтың біраз бөлігі еліміздің мемлекеттік тілі-қазақ тілі екендігін ұмытпау шарт. Дәл осы сәтті тәуелсіз Қазақстанның жаңа тіл саясатының бастау нүктесі деп атауға болады. Ол қазіргі таңда қоғамдағы танымалдылығы мен оның тиімділік деңгейі жағынан әлемнің басқа елдеріне үлгі бола алады. Көптілді оқыту-жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Үштілді жүйе барлық қазақстандықтар үшін бірдей жағдай жасайды, барлық адамдарды ақпаратқа жету жолында тең мүмкіндікпен теңестіреді. Әлемнің озық дамыған елдерінің қатарына еруге ұмтылған Қазақстанның ғылым мен индустрияны дамыту орайында басқа елдерден қалып қоймауы өте маңызды. Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды. Ал жастардың ағылшын тілін білуі IT-технология, машина жасау, биомедицина, кибернетика және адамзат ақыл-ойының басқа да аса маңызды салаларындағы жаңа мағлұмат-деректерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Олай болса, соңғы инновациялар мен әзірленімдерден қалып қоймас үшін біз ағылшын тілін еркін білуге тиіспіз. Қазіргі әлемде барлық азаматтары бір тілде сөйлейтін бірде-бір ел жоқ. Бірнеше тілді жақсы білетін, жаһанданған әлемде өзің жайлы сезінетін кез-келген адам үшін орасан зор ақпарат ағыны қолжетімді деп ойлаймын. Бұл оқу мен жұмыс мүмкіндіктерін кеңейтеді. «Өз тілің - бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жасыл жарық жағылып тұратыны белгілі жәйт екенін барлығымыз білеміз. Келешекте жеті жұрттың тілін біліп, мемлекеттің мүддесін, ұлтың мен жұртыңның жай-күйін әлемге дауысың жететін биіктен асқақтата айтып тұратын күнге жетуіміз керек. Өз ана тілінен бөлек өзге тілдерді де қызығушылықпен меңгеріп жүрген жастар қаншама. Олар өз елімен шектеліп қалмай шет мемлекеттерге шығып, өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауды мақсат санайды. Қазіргі заманғы жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Көптеген тілдерді білу біздің өміріміздің шекарасын байытады және кеңейтеді. Бұл біздің өміріміз салынған іргетастың маңызды құрылыс блоктарының бірі. Қазіргі әлемде белсенді және ынталы адамдар үшін шет тілін білу норма болып табылады, егер сіз бірнеше тілде еркін сөйлесеңіз, бұл

сіздің өмірлік болашағыңызды арттырады. Бірақ..Басқа адамдар үштілділікті елдің мәдени тұтастығына төнген қауіппен байланыстырып жатады. Адамдар шет тілінде оқыту ана тілінде сөйлеудің маңыздылығын төмендетеді деп қорқады. Мұның бәрі, ұлттық болмыстың жоғалуына әкелуі мүмкін деп ойлайды. Мысалы:

-бір уақытта бірнеше тілді үйренген жастар өз ойын анық жеткізе алмайды;

-мектеп мұғалімдеріне қиындық туындауы мүмкін;

-жұмысқа тұру үшін талаптар күшейтіліп, ағылшын тілін білмейтіндер жұмыссыз қалуы мүмкін;

-кей жасөспірімдердің қызығушылықтарының болмауы;

-балалар оқу көлемінің ұлғаюына төтеп берсе де, пәнді ағылшын тілінде оқып, қазақ тілінде дұрыс түсіндіре алмауы мүмкін-, деген сияқты күмәндар айтылып жатады. Бірақ мұғалімдерге қойылатын талаптарды арттыру ең үлкен міндеттердің бірі ретінде қарастырылды. Барлығымызға белгілі, Қазақстанда үштілді қатар оқытатын Назарбаев Зияткерлік мектептері, түрлі деңгейдегі Дарын мектептері және қазақ-түрік лицейлері қарқынды жұмыс жасауда. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі осы мектептердің оқушылары үштілділіктің Қазақстан Республикасының дамуына көмегі тиетінін біледі. Осының барлығын бақылап қарағанда, үштілділіктің неліктен соншалықты маңызды екенін білуге деген құштарлық туады. Сол сияқты менде үштұғырлы тіл саясатының заман талабына айналу себебін білгім келгендіктен осы тақырыпты талдағалы отырмын. Бұл өте өзекті тақырыптардың бірі, себебі жоғарыда көрсетілгендей үштілділік саясаты Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті елдер қатарына кірігу тәсілі және шет елдермен дипломатиялық, достық және сауда-саттықтағы қарым-қатынасты жақсартудағы жақсы мүмкіндіктердің бірі. Сонымен қатар ағылшын тілі қарым-қатынас тілі болып саналады және Еуропа, АҚШ сынды алпауыт, экономикасы жақсы дамыған елдермен тәжірибе алмасу үшін таптырмас құрал. Жұмыссыздық сияқты қауіп-қатерден де үш тілді еркін меңгеру арқылы құтылуға болады. Сонымен қатар, үштұғырлы тіл саясатының мүмкіндіктеріне жол ашу да бұл саясаттың оң әсерлерін көбейте түсуге болатынын білдіреді. Солайша саясаттың жаңа мүмкіндіктері мен күштері арқылы кез келген әлсіздікке тұсау қойып, қауіп-қатерден құтылу жолдарын табуға болады. «Үштілділік» жобасын енгізу қазақ тіліне, яғни мемлекеттік тілге және оның маңыздылығына нұқсан келтірмейді. Оған негіз ретінде елбасының сөзін алсақ болады: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлықта сондай дәрежеде болады». Осы сөзден кейін қорқыныш болмауы керек деп ойлаймын. Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», -деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз

тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынууда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. Қазіргі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы жастарды тәрбиелеуімізді талап етіп отыр. Бұл орайда басты жауапкершілік-ұстаздарға жүктеледі деп ойлаймын. Әрине тек мұғалімдерге ғана жауапкершілік артуға болмайды, әр азаматтың бойында сенім, күш болуы керек деп ойлаймын. Ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Ұстаз оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр мектептің жауапкершілікпен атқаратын міндетінде. Үштілде білім беру қызығушылық емес, қажеттілік екенін ұққанда ғана ұстаз, шәкірт, мектеп арасындағы үштағанның ісі алға жылжитыны хақ. Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Қазақстандағы үштілділік білім берудің мәселелері мен болашағы тақырыбына байланысты пікірімді қорытындылай келгенде, талқыланып отырған мәселенің қаншалықты маңызды, өзекті екені байқалды. Үштұғырлы тіл саясатының заман талабына айналуына түрткі болған жағдайлардың қандай екендігін де білуге болады деп ойлаймын. Себебі үшінші тіл ретінде қарастырылып отырған ағылшын тілінің қазіргі қоғамда ойнайтын рөлі айқын және үлкен. Бұл саясаттың жастарға алып келер пайдасы да мол, себебі олар үш тілді меңгере отырып, шет елдерге оқуға бара алады. Сондай-ақ, жастар болашақта шет елдермен қарым-қатынас орнатуға қажет болып табылады. Сонымен зерттеу жұмысында үштұғырлы тіл саясатының заман талабына айналу себебін және өзектілігін, осы саясаттың маңызды әрі қажет екеніне көз жеткізуге болады. Сол себепті болашақта үштілділік саясатымен келіспейтін және оларға көп тілді меңгерудің қаншалықты маңызды екенін

түсіндіруге атсалысатын боламын. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет деп ойлаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан», Астана, 2007.
2. Сағадиев Е. А., Тілдік қатынас негіздері. Астана, 2008 ж.
3. Ысқақұлы Д., Қостілділік, үштұғырлылық. Астана, 2014ж.

### PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF TEST MATERIALS IN ENGLISH FOR QUALITY ASSESSMENT OF EXTRACURRICULAR ACTIVITY OF PRIMARY SCHOOL LEARNERS

**Alikhan N.D.**

(Akbayeva G.N. – candidate of Pedagogical Sciences)  
Astana International University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Annotation.** The purpose of this article is to analyze the available control and measurement materials for middle school students. The author examines extracurricular activities and their importance in teaching foreign languages, analyzes the concept of "control and measuring materials". Describing the main results of the study, the author describes the existing control and measuring materials for schoolchildren, their content, principles, and problems in their use.

**Keywords:** extracurricular activities; additional education in a foreign language; measurement and control materials; Olympiad in the English language; the quality of teaching younger students.

Sufficient efficiency of mastering the English language occurs after the introduction of teaching a foreign language as a compulsory subject in educational institutions. State general education standards have put forward general requirements for mastering a foreign language, which ensures the uniformity of educational programs, curricula and requirements for the level of mastery of the discipline. The activity nature of this standard sets the main goal of personality development, which is achieved through the implementation of personal, meta-subject and objective results. When familiarizing with the culture of another country, a dialogue of cultures takes place, which develops the student's personal quality, his tolerance.